

Павлодар облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ
(VIII сайланған XXIX (кезекті) сессия)
№258/29
Павлодар қаласы 2026 жылғы 26 наурыз

Павлодар облыстық мәслихатының 2024 жылғы 11 шілдедегі «Павлодар облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» № 134/14 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
1. Павлодар облыстық мәслихатының 2024 жылғы 11 шілдедегі «Павлодар облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» № 134/14 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген шешіммен бекітілген Павлодар облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандырудың қағидаларында:
3-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«11) шағын архитектуралық нысандар - сәндік сипаттағы және практикалық пайдаланылатын объектілер (көрнекті тұлғаларды, маңызды тарихи оқиғаларды мәңгі есте қалдыру үшін орнатылатын монументалды өнер құрылыстарын қоспағанда мүсіндер, сұбұрқақтар, гүлдерге арналған вазалар, павильондар, беседкалар, орындықтар, урналар, балалар ойындары мен ересек тұрғындардың демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);»
4-тармақтың 6-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«6) монументалды-сәндік өнер туындылары - көрнекті тұлғаларды, маңызды тарихи оқиғаларды мәңгі есте қалдыру үшін орнатылатын монументалды өнер құрылыстарын қоспағанда мүсіндер, стелалар, сәндік композициялар, обелисктер, монументалды кескіндеме туындылары);»
3-тармақтың 7-бөлімінің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Бау-бақша жиһаздарын, бау-бақша

жабдықтарын және шағын сәулет нысандарын күтіп ұстау»;
67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«67. Бау-бақша жиһазы, бау-бақша жабдықтары және шағын сәулет нысандары, оның ішінде субұрқақтар, саябақ павильондары, беседкалар, көпірлер, қоршаулар, қақпалар, шатырлар, гүл құмыралары таза және жарамды күйде болады және өз мақсатына сәйкес жұмыс істеуі тиіс.»
71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«71. Қыс мезгілінде бау-бақша жиһазының элементтері, бау-бақша жабдықтары мен шағын архитектуралық формалар, сондай-ақ оларға жақындау қар мен мұздан тазартылады.»
157-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«157. Көпбөлімді тұрғын үйлердің шатырларын қардан және мұздан тазартуды ұйымдастыруды, қар мен мұз өсуін жоюды мүлік иелері бірлестігінің төрағасы немесе тікелей бірлесіп басқару кезіндегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық меншік иелері не кондоминиум объектілерін басқару субъектілері не көп пәтерлі тұрғын үйді басқарушы дербес немесе өз қаражаты есебінен мамандандырылған ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асырады.»
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы
И.ТЕРЕНЧЕНКО.

Павлодар облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ
(VIII сайланған XXIX (кезекті) сессия)
№ 257/29
Павлодар қаласы 2026 жылғы 26 наурыз

Павлодар облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі «Павлодар облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын бекіту туралы» № 52/4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
1. Павлодар облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі «Павлодар облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын бекіту туралы» № 52/4 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:
осы шешіммен бекітілген Павлодар облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларында:
39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«39. Ағаштарды кесуді рұқсат беру рәсімдеріне сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша осы жер учаскесіне қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді.»
58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«58. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен бекітілген Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) не олардың құрып

кетуіне алып келген бүлінген жағдайда - бір жүз еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.»;
59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«59. Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесіне келтірілген залалдың мөлшерін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 61 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянды мөлшерлерін есептеуге арналған базалық ставкаларға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31997 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшелері есептейді.»
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы
И.ТЕРЕНЧЕНКО.

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар

«АренаСтройКомпани» ЖШС Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Жолқұдық ауылындағы 201 га алаңда суармалы учаске үшін инфрақұрылым салу жұмыстарын жоспарлап отыр.
Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен 2026 жылғы 3 сәуірдегі Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk> сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - 23.04.2026 ж.
Ескертулер мен ұсыныстарды «Павлодар облысы бойынша экология департаменті MM pavlodar-ekoder@ecogov.gov.kz электронды мекенжайына немесе Павлодар қ., Олжабай батыр көшесі, 22 (Павлодар облысы бойынша экология департаменті) қабылдайды. (2036)

КЕМЕ ИЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Көлік министрілігі Теміржол және су көлігі комитетінің «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Павлодар филиалы келесі учаскелер бойынша 2026 жылғы навигация:
- Майтүбек а. - Павлодар қ. 2026 жылғы 23 сәуірден бастап;
- Павлодар қ.-Төменгі Алексеевский қайраңында (РФ шекарасы) 2026 жылғы 24 сәуірден бастап ашылатыны туралы хабарлайды.
Жүгіну: - 8(7182) 22-01-22 телефоны бойынша;
- ksg_pf@mail.ru, e-mail бойынша;
- Ә.Бөкейханұлы, 306 мекенжайы бойынша. (2032)

Әлеуметтік төлемдерді алудағы қауіпсіздік: әлеуметтік желілердегі алаяқтардан сақ болайық

Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі (жүйе) жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша түрі болып табылады. Жүйе шектеулі ынтымақтастық қағидатына негізделген, яғни әлеуметтік аударымдар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСҚ) жұмыс істейтін халық үшін төленеді. Бұл ретте, олар үшін МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар түскен және әлеуметтік тәуекел жағдайы туындаған адамдар ғана әлеуметтік төлемдерді алушылар болып табылады.

Бүгінгі таңда жүйеге шамамен 7 млн жұмыс істейтін азамат қатысады, жыл сайын 1,3 млн-нан астам адам МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер алады.
Жүйе екі ұзақ мерзімді әлеуметтік маңызы бар төлемді қарастырады - еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша. Бұл төлемдер бюджет қаражаты есебінен төленетін мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады.
Келесі екі әлеуметтік төлем ана мен балалық шақпен байланысты. Мәселен, жұмыс істейтін әйел кірісінен айырылған кезеңде жүктілікке және босануға байланысты, сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер алады.
Жүйеге қатысушы үшін жұмыстан босатылу себептеріне қарамастан маңызды қолдау болып табылатын жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем. Ол жүйеге қатысушы Мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген жағдайда тағайындалады.

МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігінің тиісті құқықтық актілерімен реттеледі. Төлем мөлшерлері әр жүйеге қатысушы үшін жеке есептеледі және тікелей МӘСҚ-ға уақтылы және толық төленген әлеуметтік аударымдарға байланысты анықталады.
Заннамалық тұрғыдан МӘСҚ әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттардың (мәліметтердің) анықтығын тексеру құқығына ие. Осыған байланысты қажет болған жағдайда тиісті сұраулар мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, телеушіге және өтініш берушіге жіберіледі. Әлеуметтік аударымдардың МӘСҚ-ға уақтылы және толық түспеуі, сондай-ақ құжаттар мен мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтердің сәйкессіздігі тексеріске негіз бола алады.

Жалған еңбек қатынастары немесе жалған мәліметтердің ұсынылғаны анықталған жағдайда материалдар құқық қорғау органдарына жіберіледі.
Әлеуметтік желілерде таратылып жатқан МӘСҚ-дан әлеуметтік төлем алуға көмектесуге бағытталған жарнамалық сипаттағы хабарламаларға, соның ішінде

бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемді «ұзартып беру» туралы хабарламаларға бөлек назар аударамыз.
Бала күтімі бойынша демалыста отырған әйелдердің жұмыс орны сақталады, осыған орай олардың жұмыссыздар категориясына жатпайтынын атап өткен жөн. Жұмыссыз мәртебесі тек шын мәнінде жұмыс іздеп, оған кірісуге дайын адамдарға беріледі.
Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тек жүйе қатысушысына, ол жұмыссыз ретінде тіркеліп, тиісті міндеттемелерді орындаған жағдайда тағайындалады. Төлем алушы жұмыспен қамтылғаны туралы Мансап орталығын хабардар етуге міндетті. Жалған мәлімет берілген жағдайда, төленген қаражат заңда белгіленген тәртіппен қайтарылады.
Әлеуметтік төлем алу мақсатында қасақана жалған мәлімет беру алаяқтық ретінде бағалануы мүмкін. Әлеуметтік желілерде осындай хабарламаларды тарататын адамдар және осындай істерге қатысатын азаматтар заң бойынша жауапқа тартылуы мүмкін екендігін ескертеміз.

Мысалы, 2025 жылы елдің 12 өңірінде алаяқтық фактілері бойынша 30-дан астам қылмыстық іс қозғалған, ал бес өңірде 7 сот үкімі шығарылған. Азаматтар әлеуметтік желілердегі (Instagram және басқалары) жарнамалық хабарламаларға өтіп, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша алаяқтық схемаларға тартылғаны анықталды.
Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында жүйе бойынша қажетті ақпаратты тек ресми дереккөздерден алуға ұсынамыз (электрондық үкіметтің веб-порталы (egov.kz), Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігінің (enbek.gov.kz), МӘСҚ-ның (gfs.kz) ресми сайттары). Сондай-ақ, жеке деректерді, оның ішінде жеке электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін үшінші тұлғаларға бермеу қажет. Кез келген сұрақ туындаған жағдайда 1414 нөмірі бойынша байланыс орталығына хабарласуға болады.

МӘСҚ-дан тағайындалатын әлеуметтік төлемдер заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады және әлеуметтік желілердегі «көмекшілердің» қатысуын қажет етпейді. Саналы көзқарас пен ресми арналарды пайдалану - азаматтардың қаржылық қауіпсіздігінің кепілі.

«МӘСҚ» АҚ Павлодар облысы бойынша филиалы.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Capital Stroy V» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Павлодар облысындағы Жуантөбе кен орнындағы тау-кен жұмыстары жоспары бойынша «Capital Stroy V» ЖШС үшін кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары.
Өсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі.

Жоба учаскесінің координаттары: 1. 51° 8'19.37", 76° 12'26.08"; 2. 51° 8'18.71", 76° 12'27.23"; 3. 51° 8'17.75", 76° 12'28.54"; 4. 51° 8'15.69", 76° 12'31.59"; 5. 51° 8'14.93", 76° 12'32.99"; 6. 51° 8'6.35", 76° 12'42.06"; 7. 51° 7'57.13", 76° 12'58.50"; 8. 51° 8'7.06", 76° 13'59.99"; 9. 51° 6'59.99", 76° 13'59.99"; 10. 51° 7'16.21", 76° 12'45.08"; 11. 51° 7'27.85", 76° 11'44.17"; 12. 51° 7'8.51", 76° 11'1.16"; 13. 51° 8'37.62", 76° 11'0.53"; 14. 51° 8'36.06", 76° 11'55.21"; 15. 51° 8'21.40", 76° 12'11.40".

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 14 мамыр сағат 15.00-де ҚР Павлодар облысы Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі Ақмектеп ауылы Жауы Мұса көшесі, 13/2, мекенжайы бойынша, әкімшілік ғимаратында өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://teams.live.com/join/9348489291896?p=wAQ6FAaZNhgmMw3U7h>
Идентификатор конференция 934 848 929 189 6, Кіру коды: zw7852.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Байланыс сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысына қоңырау шалыңыз.

4. Жоспарланған жобаның бастамашысы: «Capital Stroy V» ЖШС. Мекенжайы: ҚР, 050060, Алматы

қаласы Бостандық ауданы Жароков көшесі 260Г-үй, БСН 191040011321, тел. +7 727 311 45 36, e-mail: toocapitalstroy@mail.ru.

5. Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС (2014 жылғы 26 қарашадағы №01714Р мемлекеттік лицензияны КММ «Мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі берген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігі). Мекен-жайы: Алматы қ., Бұхар Жырау көшесі, 33, «Жеңіс» Б.О, оф. 50, БСН - 92094000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

6. Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйе <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ «Павлодар облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «Capital Stroy V» ЖШС. Байланыс тел. +7 727 311 45 36, e-mail: toocapitalstroy@mail.ru және «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

8. Ескертулер мен ұсыныстар 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ақпараттық жүйенің ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ Павлодар қаласы, Площадь Победы, 5Б, «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады, e-mail: unosvr@mail.ru. (2035)

SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрілігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры Рүслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:

Павлодар қаласы,

Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы,

Астана көшесі, 143-үй.

Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz



Газеттің электронды поштасы: ssamaly29@gmail.com.
Бас редактордың орынбасары - 66-15-28.
Жауапты хатшы - 66-15-31.
Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-32.
Экономика, саясат - 66-14-61, 66-12-74.

Жарнама бөлімі:

smi14reklama@gmail.com
66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 3222 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 407

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.
Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.